

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 ақпандағы N 143 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес "Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейту" жобасын іске асыру шеңберінде мемлекеттік инфрақұрылымдық құрылыстар салуды қаржыландыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Даму Банкі" акционерлік қоғамы (бұдан әрі - банк) "Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейту" жобасын іске асыру шеңберінде мемлекеттік инфрақұрылымдық құрылыстар салуды одан әрі қаржыландыру үшін қаржы қызметтерін көрсетуші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің "Ақтау халықаралық теңіз сауда порты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген банкпен қаржы қызметтерін мемлекеттік сатып алу туралы келісім жасасуды;

2) ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3, 4-тармақтарын сақтауды;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. "Ақтау халықаралық теңіз сауда портын солтүстік бағытта кеңейту" жобасын одан әрі қаржыландырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 25 тамыздағы N 826 қаулысының күші жойылды деп танылсын

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі